

Тәрбиеші мен ата-ана ынтымақтастығы

Тәрбиенің алғашқы негізі отбасында қаланып, балабақшада әрі қарай жалғасын табады.

Халқымыздың даналығына құлақ ассақ, «адамның бақыты балада» деген екен. Кез-келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын «бақыт» деген сөздің өлшемі, өмірінің жалғасын ұрпағымен келетініне келсе, екінші жағынан даңқ, атақтан, мансап пен қызметтен іздейді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты. Адамға нағыз бақытты – тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. Сондықтан баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беруде отбасы мен балабақшаның бірлескен өзара тығыз байланысы болуы маңызды. Балабақшада өткізілген әрбір іс-шара, ертеңгіліктердің тәрбиелік мәні, мағыналы болуы ата-аналардың жиірек келуіне, белсене қатысуына да ықпалын тигізеді.

Ата-ана балабақшаға көмекші, сенімді тірек болып, ортақ байланысты нығайтқанда ғана тәрбие жұмысы нәтижелі болмақ. Адамгершілік қасиетті бала болуына сіңіру балабақша мен ата-аналардың педагогикалық ынтымақтастығы арқылы жүзеге асырылатының есте сақтағанымыз жөн.

Балабақша ата-аналарымен қарым-қатынас жасауда, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып, олардың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасайды.

Балабақша медбикесі жедел таратылатын аурулардың түрлері мен олардың алдын алу және емделу жолдарымен таныстыру жұмыстарын жүргізеді. Отбасында баламен қарым-қатынас кезінде өнегелі сөздерді орнымен қолданып жас ұрпақтың санасына сіңіру арқылы халқымыздың салт-дәстүрін, тілін, елін, жерін құрметтейтін азаматтарды тәрбиелеу басты борышымыз. Бала ата-ананың болашақ үміті, адамзаттың келешегі. Бала тәрбиесі, оны мәпелеп өсіру бүгінгі таңның үлесіндегі күрделі міңдет. Осы міңдетті балабақша ұжымы өздерінің ізденімпаздылығы мен шығармашылық еңбектерімен орындауда.

Қорыта айтқанда, «отбасында берілген тәрбие жігеріңді құм қылып жерге қаратпасын десең, балаға кішкентайынан түзу тәрбие бер»-деп ата-бабамыз мұра етіп қалдырғандай, бала тәрбиесінде дер кезінде көңіл бөліп, еліміздің инабатты, адамгершілігі мол, білімді, саналы ұрпақтарын тәрбиелейік.

Тәуелсіз еліміздің ұлдары мен қыздарының жан-жақты дамыған, өзіндік пікірі бар, жерін, ата-анасын, тәрбиешісін құрметтейтін азамат болуына ықпал жасайық.

Баланы балабақшаға дайындау

Ата-ананың баласын балабақшаға орналастырмас бұрын ондағы оқу мен тәрбие жұмысына, баланың жағдайына алаңдауы заңдылық. Балабақшадағы тәрбиенің рөлін, баланы арнаулы педагогикалық білімі бар мамандар тәрбиелейтінің көңіліне медеу етеді. Ата-анасы «балабақшада бала көп жылайды, жиі ауырады» деген сөздер де мазалауы мүмкін. Балабақшаға барған алғашқы күндері-ақ бала мазасызданады. Өйткені өзіне жақын адамдардың болмауы жанына батып, 2-3 күн өткен соң ауырып қалатын жағдайлары да кездеседі. Бұл жерде тәрбиешілерді кінәлау дұрыс емес. Ғылыми зерттеулердің нәтижесіне сүйенсек, ғалымдар бала бөтен ортаға үйренуі, үйіндегі ата-ананың баласын жаңа жағдайға қалай бейімделуіне байланысты екенін айтады. Мысалы: бағбан ағаш егерден бұрын, оған орын дайындайды, содан соң барып отырғызып, тамырына зиян келмеуіне көңіл бөледі. Оны ерекше күтімге алады. Баланың басқа ортаға бейімделуі оның өмірінде кездесетін алғашқы күрделі кезеннің бірі. Таныс емес адамдардың бейімделуі оның өмірінде кездесетін алғашқы күрделі кезіннің бірі. Таныс емес адамдардың ортасында қалу бала үшін өте ауыр. Ол алғашқыда мазасызданып тіпті қашып кеткісі келеді, кейбір ата-ана баланың бұл қылығын түсіне алмай, бала мінезіндегі оқыс өзгеріске алаңдайды. Бұл кезде баланың ұйқысы бұзылып, тамаққа тәбеті болмайды. Үйге қайтқан соң да

анасынан айырылмай, ұйықтағанда жиі-жиі оянып тынымсызданады. Кейбір баланың нәзік жаны бұндай өзгерісі көтере алмай, ыстығы көтерілуі мүмкін. Балаға қалай көмектесу керек? Балаға өзін қоршаған ортаға бейімделуіне ересек адамның көмегі өте қажет. Тәрбиешілер, медбике баланың ата-анасы мен балабақшадағы күн тәртібін, санитарлық-гигиеналық ережелердің сақталуын, баланың шыңықтыру әдістерінің құрамы туралы түрлі кеңестер береді. Ата-ана баланы балабақшаға апаратын 1-2 ай бұрын дайындық жұмыстарын жүргізу қажет. Баланың күн режиміне балабақшадағы тәртіпті енгізуге болады. Оның

қатан орындалуы қадағаланса, балабақшаға келген күннен бастап бала өз тобымен бірге, белгілі уақытта тамақ ішіп, ұйықтайтын кезде ұйықтайды. Дайындық кезеңде баланың тамақтануына ерекше көңіл бөлген жөн. Құрамында түрлі көкөніс, сүттен, балықтан жасалған тағам түрлері болса тіптен жақсы. Балабақшада тамақтың бұндай түрлерін бергенде оны тәбетпен жейтін болады. Баланың жақсы тамақтануы мен дұрыс ұйықтауына көңіл бөлген қажетті тәрбиенің негізі. Сонымен бірге өзі киініп, өзі шешініп, өзі тамақтанатындай, дағдыға үйренсе, балабақшада өзін еркін ұстайды. Бұл балаға жақсы әсерін тигізеді. Бәрінде өзі істеуге талпынса, топтағы балалармен де, үлкендермен де қарым-қатынасы тез орнығады. Баланы тәрбиешімен таныстырып, қалай еркелейтінің ескерту керек. Анасымен балабақшаға келген күні баланы тәрбиеші жылы жүзбен «Келгенің жақсы болды, мен қуаныштымын» деп қарсы алады. алғашқы күні баланы барлық топ көретіндей жерге отырғызып, баланы таныстырып, көпшілікке үйрету қажет. Бала бірте-бірте үйреніп қалай тамақтану, ойнауды байқап қалып қатысу, а тырысады. Сондықтан ата-ана баламен жалықпай жақсы жұмыс жасаса, балабақшаға еш қиындықсыз үйренеді.